

Х. М. Джакишева, ҒЗИ Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі және басқару мәселелерін зерттеу бойынша орталығының ғылыми қызметкері, полиция капитаны (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

«БОЛАШАҒЫ БІРТҮТАС ЕЛ» ҰЛТ ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҰТЫМДЫ ШАРАЛАРДЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ СЕБЕПТЕРІН ЖОЮ

Аннотация. Мақала балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың туындау шарттарын, сондай-ақ балаларға қарсы зорлықшыл құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу жолдарын зерттеуге арналған. Мақалада әлемдегі және Қазақстандағы балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың жай-күйі қарастырылады және сараланады.

Түйін сөздер: зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандар, проблема, отбасы, құқық, заңнама, ұлт жоспары.

Қазіргі кезде аса өткір әлеуметтік проблемалардың бірі кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық болып табылады. Ел басшысы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан Стратегиясы — 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында жаңа кезеңдегі әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі — ана мен баланы қорғау деп көрсетеді [1].

Жыл сайын дүниежүзінде миллионнан астам адам өледі, ал бұдан көп мөлшері криминалдық зорлық-зомбылықтың нәтижесінде дене жарақатын алады. Зорлық-зомбылық бүкіл дүниежүзінде 15-тен 44 жасқа дейінгі жас аралығында адамдардың арасындағы өлімнің негізгі себептерінің бірі болып табылады [2].

Бас прокуратураның деректері бойынша соңғы бес жылдың ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты криминалдық зорлық-зомбылық фактілерінің мөлшері екі есе ұлғайды [3].

Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық проблемасы Қазақстан Республикасында әрқашан өзекті болуда. Мемлекет кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету мәселелеріне айтарлықтай назар аударған және әлі де назар аударуда. Алайда, статистика көрсеткендей, соңғы жылдары жағдайдың белгілі бір дәрежеде төмендеу үрдісі байқалуда. Осы жағдай белгілі бір өзгертулерді, проблемаларды шешу тәсілдерін қайта қарастыруды талап етеді.

Ең алдымен, аталған бағыттағы құқық қорғау саясатын жетілдіру бойынша шараларды өңдеуде жалпы дүниежүзілік үрдістерді ескеру және шетелдердің озық тәжірибесіне сүйену қажет.

Сөйтіп, 2006 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі бойынша жүргізген зерттеуіне сәйкес төмендегідей жағдай қалыптасуда:

- Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі — БДҰ) бағасы бойынша 2002 жылы дүниежүзінде адам өлтірудің нәтижесінде 53 000 бала өлді;

- дүниежүзінде балалардың 80-98 пайызы отбасындағы дене зардабын шегеді және үштен бір бөлігінен астамы қандайда бір заттарды (зорлық-зомбылық құралы) қолданумен қатыгез дене зардабын келтірумен жазалаудың құрбандарына айналады;

- бірқатар дамыған елдердің мектептерінде балалардың денсаулықтарының жай-күйіне жаппай тексеріс жүргізу аясында мектеп жасындағы балалардың 20-65 пайызы олар соңғы 30 күннің ішінде психикалық немесе дене зардабын көргендері туралы хабарлады;

- БДҰ бағасы бойынша 2002 жылы 18 жасқа дейінгі 150 миллион кәмелетке толмаған қыз балалар және 73 миллион ұл балалар мәжбүрленген жыныстық қатынаста болды немесе жыныстық зорлық-зомбылықтың өзге де түрлеріне душар болды [4].

АҚШ, Канада, Жапония, Батыс Еуропа елдері сияқты дамыған елдерде бала зорлық-зомбылығы мәселесі аса өткір емес, өйткені бұл елдерде кәмелетке толмағандарға қарсы

зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтарға қарсы әрекет ету бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Демек, АҚШ-тың көптеген штаттарында, өткен жүзжылдықтың 60-жылдарының өзінде-ақ азаматтарды балаларға нашар қарау күдігі туындаған әрбір жағдай туралы билікке хабарлауға міндеттейтін заңнама қабылданған болатын. 1974 жылы балаларға нашар қараудың жолын кесу және олардың салдарын жою туралы заң қабылданды. Балаларға қатысты қатыгездік пен баланың қараусыз қалу проблемалары жөніндегі ұлттық орталық ашылды [5].

Франциядағы балалардың құқықтарын қорғаудың заманауи жүйесі 1945 жылы енгізілген отбасы мен баланы қорғау жүйесінің дамуының нәтижесінде қалыптасты. Франция жүйесінде ұйымдастырушылық немесе құқықтық шаралар ата-аналар өзінің міндеттерін тиісті орындамаған немесе олар өздерінің ата-аналық функцияларын орындай алмаған немесе өздерінің міндеттерін орындау кезінде олар балаға зиян келтіретін жеке мүдделерін басшылыққа алған жағдайларда ғана қабылданады [6].

Көптеген елдерде балаларды отбасылық зорлық-зомбылықтан қорғау функциясын қамқоршылық, қорғаншылық, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен ынтымақтастықта құқық қорғау органдары емес, әлеуметтік жұмыс бойынша мамандар орындайды. Оларда қиын тіпті қауіпті жағдайға түскен отбасылармен тұрақты және күнделікті жұмыс жүргізу тәжірибесі бар. Әлеуметтік жұмыскердің кінәліге ықпал етудің қатаң шараларын қолдануға толық заңды құқығы бар. АҚШ-та, ГФР-да, Голландияда, Ұлыбританияда әлеуметтік жұмыс бойынша мамандарға көптеген өкілеттіктер берілген (тіпті қылмыстық іс қозғау және баланы ата-анасынан айыру туралы ұсыныс жасау) [7].

2011 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне көрінеу кәмелетке толмағанға қатысты денсаулығына зиян келтіргені үшін жазаны күшейткен өзгертулер енгізілді. 2012 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға және мекемелерге кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыс (адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы) жасағаны үшін соттылығы бар немесе болған адамдармен еңбек шартын жасасуға тыйым салатын өзгертулер енгізілді. 2014 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, аталған заңда кәмелетке толмағандарға қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық шаралардың кешені көзделген. Атап айтсақ, қорғау ұйғарымының мерзімі 10-нан 30 тәулікке дейін ұзартылды, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға оның өзін тұрғын үймен қамтамасыз ете алу мүмкіндігі анықталған жағдайда жәбірленушімен бір тұрғын үйде тұруына тыйым салатын норма қабылданды. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі жаңа Қылмыстық кодексінің нормаларында кәмелетке толмағандардың құқықтарын криминалдық қолсұғушылықтардан қорғау айтарлықтай күшейтілді [8]. 2016 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды. 2016 жылғы наурызда мемлекет Басшысы педофилдерді химиялық кастрациялау енгізілген «Кейбір заңнамалық актілерге бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды.

Аталған жұмыс Болашағы біртұтас ел — Ұлт Жоспарын іске асыруға мүмкіндік береді, оның мақсаты тұрақтылықты, келісімді және қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген Жоспарды орындау үшін мемлекет Басшысы «Бес институттық реформаны іске асыру бойынша жүз нақты қадам» Ұлт Жоспарын қабылдады, оның екінші бөлімінің 30-тармағында жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін жергілікті полиция қызметін құру көзделген. Осы шара әлеуметтік қызметтер

мен полицияның тұрмыстық зорлық-зомбылық пен оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың профилактикасында және оларға қарсы іс-қимылда өзара әрекет етуді жақсартуға мүмкіндік береді. Ұлт Жоспарының аталған тармағын іске асыру үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 388-V ЗРК Заңы қабылданды. Жергілікті полиция қызметі жергілікті орындарда әлдеқашан құрылып, өз қызметін жүзеге асыруға кірісті [9].

Сонымен қатар полиция мен өзге де мемлекеттік органдардың кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бойынша қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұтымды қадам Ұлт Жоспарының қоғамдық кеңестер құру көзделген 31-тармағының ережесі болып табылады. Осы тармақты іске асыру үшін «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қыркүйектегі № 383-V ЗРК Заңы қабылданды. Қоғамдық кеңестер алғашқы рет заңды деңгейде мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөліністерінің шешім қабылдауына тікелей ықпал етуіне мүмкіндік беретін ерекше құқықтық мәртебеге және өкілеттікке ие болды. Қоғам мен мемлекеттік органдардың өзара әрекет етуінің мұндай сызбасы жергілікті орындарда бар проблемалардың барлығын, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа тиімді қарсы іс-қимыл мәселелерін аса тиімді шешуге мүмкіндік береді. [10].

Қазіргі кезеңдегі кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жүйесін оңтайландыру ісінде басты бағыт ретінде Ұлт Жоспарының көрсетілген және өзге де ережелерін жүйелі, нақты, тегіс қамти отырып және уақтылы іске асыру қарастырылуы тиіс деп болжаймыз.

Сонымен қатар бұрын басталған жұмысты жалғастыру, осы бағыттағы кедергілерді жою қажет. Негізінен сөз кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық профилактикасы мен оларға қарсы іс-қимылдың басқа да шараларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, олардың бөліністері мен қызметтерінің төмендегі деңгейдегі қызметінің жұмысын тиімді ұйымдастыру, нақты бақылау және жауапкершіліктің тиімді шаралары туралы қозғалуда.

Көрсетілген бағыттардағы тиісті жұмыс белгілі бір оң нәтиже береді деп болжаймыз. Бұл, өз кезегінде, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүйесін аса жоғары сапалы деңгейге көтеріп, реформалардың, оның ішінде үздік дүниежүзілік практиканы тиімді енгізу бойынша жаңа кезеңін іске асыруға көшуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана, 17.01.2014) // <http://www.akorda.kz>
2. Этьенн Г. Круг, Линда Л. Дальберг, Джеймс А. Мерси. Зорлық-зомбылық және оның денсаулығына әсері: Әлем жағдайы туралы баяндама // редакциясымен. — М., 2003. 3 п.
3. Балаларды зорлық-зомбылықтан арнайы жоспар бойынша қорғайды. Мультимедиялық ақпараттық-талдамалық порталы // informburo.kz
<http://informburo.kz/novosti>
4. Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеу өткізу үшін балаларға қарсы зорлық-зомбылық туралы мәселесі бойынша тәуелсіздік эксперттің баяндамасы // <http://www.unicef.org/violencestudy/reports>
5. Гирфанов Р. М., Калинкина М. Ю. Российский и зарубежный опыт борьбы с насилием в отношении детей // Вопросы ювенальной юстиции. — 2008. — № 1 (15).
6. Баланың құқықты қорғау шетелдік практикасы. // http://ria.ru/pravo_spravki
7. Баланың құқықты қорғау шетелдік практикасы. // http://ria.ru/pravo_spravki
8. Адам құқығы бойынша Әмбебап мерзімдік шолу аясында Екінші мерзімдік Қазақстан Республикасының Ұлттық баяндамасын бекіту туралы // <http://adilet.zan.kz>
9. «100 нақты қадам» — Қазақстан Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспары // <http://www.inform.kz>
10. Азаматтық белсенділігі үшін қоғамдық кеңестері // <http://www.uralskweek.kz>

Резюме

Статья посвящена изучению условий возникновения насилия в отношении несовершеннолетних, а также путей противодействия правонарушениям против несовершеннолетних; рассматривается и анализируется состояние насилия в отношении несовершеннолетних в мире и в Казахстане.

Resume

The scientific article is devoted to the study of the conditions for the occurrence of violence against minors, as well as ways to counter violent offenses against minors. The article discusses and analyzes the state of violence against minors in the world and in Kazakhstan.